

## Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 3 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 наурызда № 9005 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімінің 26.05.2020 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес әкім ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Қостанай облысы Қарасу ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Қарасу ауданы әкімінің орынбасары Балжакаев Ерлан Зылғариевич тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. "Қарасу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:
  - 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 19 ақпаннан бастап туындаған қатынастарға өз әрекетін таратылады.

